

## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН МӘДЕНИЕТ

Бектасов А.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Садыкова А.К.  
М.Х.Дуллати атындағы Тараз Өңірлік Университеті  
asemakaznpu@mail.ru

Ұлы Отан соғыс жылдарында барша халықтың рухани жігері мен күш қуатыны үлкен сынға түскен кезеңі болды. Орасан зор қиындықтарды бастан кешірген халық жауды жеңу үшін соғыс даласында да, еңбек майданында да үлкен қаһармандық жасады. Сол кезеңдегі қоғамға рухани ықпал етудің негізгі құралдардың бірі Кеңес Одағының білім беру жүйесі болды. Бұл жүйе Қызыл Армияны және тылды білікті кадрлармен қамтамасыз еткен арнаулы орта және жоғары оқу орындарын талапкерлермен қамту көзі емес, ауыр жылдарда өскеннен ұрпақты елдік рухта тәрбиелеудің маңызды тәсіліде болды. Қала мен ауыл еңбекшілерінің мәдени деңгейін көтермей, экономиканы тасбысты дамыту мүмкін емес еді. Осы орайда сауатсыздықты жою, халыққа білім беру саласын, әдебиетті, өнерді дамыту және халықтың жалпы мәдени деңгейін көтеру бағытында көп жұмыстар атқарылады. 1920-жылдары халыққа білім беру, мәдени-ағарту жұмыстары мәселені партияның Өлкелік комитетінің бюролары мен пленумдарында бірнеше рет талқыланды. Мақсатты түрде еңбекшілерді ағарту бағытындағы жұмыс, ересектер арасындағы сауатсыздықты жою шаралары жүргізілді, орта білім беру жүйесі жасақталып, кеңестік интеллигенция қалыптаса бастады.

1928 жылы бүкіл Қазақстан бойынша сауатсыздықты жою мақсатында мәдени жорық жарияланды. Бұл күреске жалпы жұртшылық. Соның ішінде ең алдымен кәсіпорындар мен комсомол ұйымдары таратылды. Орта оқу орындарының жоғары сынып оқушылығы жаз мезгілінде сауатсыздықты жою мектептерінде және үйірмелерде жұмыс істеді. Қалалық ұйымдар өз белсенділерін ересектердің сауатын көтеру ісінде мұғалімдерге көмек көрсету үшін ауылдар мен ауылдық елді мекендер жібере бастады [1, 408-бет].

Мемлекет бұқараны шығармашылық бетбұрысына, олардың «ғылыми мен білімге» деген ықыласына арқа сүйеді. Халық ағарту ісінде мәдени-ағарту жұмысы маңызды орын алды. Оның негізгі ошақтары ретінде жұмысшы клубтары, оқу бұрыштары, саяси сауаттылық үйірмелері, көркемөнерпаздар үйірмесі, ал аудандарда – қызыл киіз үйлер мен қызыл керуендер қызымет етті. Мәдени-ағарту мекемелері көбінесе халықтың өзінің бастамасымен пайда болды. Бұл мекемелердің көпшілігі қоғамдық негізде жұмыс істеді, өткені мемлекеттің оларды қаржыландыратындай мүмкіндігі болмады. Ересектер арасындағы сауатсыздықпен күрес жалғасып жатты, көптеген кәсіпорындарда, ұйымшараларда жаңа мектептер мен жоғары деңгейлі сауатсыздықты жою пункттері ашылды.

Жергілікті билік органдары бұрынғыша халыққа білім беру саласын дамытуға баса назар аударды, ауылдарда жаңа мектептер ашқан. Барлық жерде мұғалімдердің жетіспеушілігі байқалды. Педагог мамандарға деген қажеттілікті аз да болсын қанағаттандыру үшін 1929 жылдың тамызында Қазақ педагогикалық техникумы Шымкеттен Әулиеатаға көшірілді. Жалпы білім беретін мектептерде 1930 жылдан бастап енгізілген жалпыға бірдей міндетті бастауыш, төрт кластық білім беруге біртіндеп көшу жүзеге асырылған. 1930 жылдың 21 қыркүйегінде Әулиеата қалалық кеңесі 1930-1931 оқу жылында 8-9 және 10 жастағы балаларға жалпыға бірдей міндетті білім беруді енгізу туралы шешім қабылдады [2, 584-бет].

Орта білім беру саласы экономикалық және мәдени даму қарқынына айтарлықтай артта қалып қойған, ал бұл халық шаруашылығы сааласына мамандар даярлайтын жоғарғы оқу орындары жүйесін кеңейтуге қолбайлау болды. Толық орта білім беру беретін мектептер тым аз болғандықтан, жоғарғы оқу орындарына жетіжылдықты, кейде бастауыш мектепті

бітіргендерде алды. Қазақстан біліктілігі жоғарғы маман даярлау да басқа республикалардан артта қалып отырған, сондықтан бұл мәселеге баса мән берілмеді. 1941 жылдың тамызында өткен мұғалімдердің жалпықалалық конференциясында барлық баяндамашылар бір ғана пікірге табан тіреді: «Барша халық секілді мұғалімдер де өз қызметінде күш-жігерін аямай, жас буынды коммунистік рухта тәрбиелеуі тиіс. Айбынды ел қорғаушылардың Отанға деген сүйіспеншілігі, шын берілгендігі, батылдығы, ерлігі балалармен тәрбие жұмысының басты әрі тұрақты тақырыбы болуы тиіс. И.В. Сталин мен В.М. Молотовтың радиодан сөйлеген сөздері негізінде оқушыларға неміс фашизмі салдарынан болған Отан соғысының міндеттерін ұдайы түсіндіру, олардың жексұрын дұшпанға деген жеккөрушілік сезімін ояту, жас буынды халқымыздың жеңіп шығатынына берік сенімді етіп тәрбиелеу қажет...» Соғыс жылдарында барлық мекемелердің жағдайы мәз болмағаны баршаға белгілі жағдай. Қиындықтан білім беру саласы да шет калмады, оған сол уақыттағы мектептердің, интернаттардың және балалар үйлерінің материалдық жағдайы нақты дәлел бола алады. Қазақ КСР Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы Н. Ондасынов жазғандай: «Бірқатар мектептерді тексеру кезінде олардың материалдық базасы қанағаттанарлықсыз деңгейде екені анықталған. Оқушыларды мектепке қажетті керек-жаракпен қамтамасыз ету бақылаусыз жүргізілді, соның салдарынан онсыз да шектеулі көлемде шығатын оқулықтар, дәптерлер, қарындаштар оқушыларға толығымен жетпеді» [3, 27-бет].

Мектеп ғимараттарының жай-күйі. Соғыс кезеңінде туындаған ауыртпалыққа қарамастан, әр оқу жылының басында мектептер өз оқушыларына есігін айқара ашып отырды. Мысал ретінде 1943-1944 оқу жылын алайық. 3 мектепті (Шу ауданындағы Ворошилов атындағы орта мектеп, Жамбыл ауданындағы Амангелді атындағы орталау мектеп) есепке алмасақ, облыстың басқа барлық мектептерінде терезенің әйнектері, темір, ағаш және басқа да құрылыс материалдары тапшы болғанына қарамастан, жөндеу жүргізілген. Облыстың бірқатар мектептерінде терезе әйнектерінің тапшылығы олардың орнын жұқа тақтаймен бітеу немесе кірпішпен қалау қажеттігін көрсетті, оның салдарынан жарық аз түсетін болды (Мерке ауданындағы Калинин атындағы ОМ, Жамбыл ауданының бірқатар мектептері, Свердлов ауданының Фрунзе атындағы, Ақыртөбе, №2 Дихан Б.М.) Облыс мектептерінің басым көпшілігінде жөндеу жұмысы мұғалімдердің, оқушылардың, техникалық қызметкерлер мен кейбір ата-аналардың күшімен жүргізілгенін атап көрсеткен жөн. Олар өздері сылады, әктеді, дәретхана соқты, шатырларды бүтіндеді, сай мандарды жөндеді және т.т. жұмыстарды істеді. Бұл әк пен шегенің, қамқоршы ұйымдардың көмегі жоқтығына қарамастан, жөндеуді мерзімінде жүргізіп, аяқтауға көмектесті. Материалдардың жоқтығына қарамастан, аудандардағы мектеп жиһаздары әр оқу жылының басына қарай толығымен жөнделді [4, 25-бет].

Халықтың мұндай ынта-жігері жеке басының пайдасын көздеуден туған жоқ, бұл керісінше, жас ұрпақтың болашағын ойлаған қарапайым жұрттың ерлігін көрсетеді.

1945-1946 оқу жылы облыста 344 мектеп жұмыс істесе, оның 241-і қазақ мектептері болды. Сипаты бойынша: бастауыш мектептер 206, соның ішінде қазақ мектептері – 174, жеті жылдық мектептер – 85, соның ішінде қазақ мектептері – 52, орта мектептер – 53, соның ішінде қазақ мектептері – 15. Соғыстың салдарынан педагог мамандар едәуір қысқарып қалды, кадрлардың құрамы да елеулі өзгеріске ұшырады. Педагогтар қатарында әйел адамдардың үлес салмағы артты. Газет беттерінде ешқандай кемшілік жоқтығы жазылып жатқанына қарамастан, шын мәнінде кемшіліктер аз болған жоқ. Көптеген мұғалімдердің тиісті біліктілігі болған жоқ. Мұғалімдердің жетіспеуі салдарынан, бір қатар мектептерде жекелеген пәндерді өткізбеуге тура келді. Педагогикалық жұмыс жүргізу, педагогикалық училищелердің, мұғалімдер институты мен педагогикалық институттардың жұмысын нығайту үшін орта білімі бар тұлғаларды жедел дайындау шараларын қолға алу қажеттігі туындады. Балаларға білім көзін нәрлендіретін адамның жоқтығы өте үлкен мәселе болды [5, 44-бет].

1945 жылы облыс мектептерінде 1938 мұғалім жұмыс істеді. Педагог кадрлардың біліктілігі мынадай болды: жоғары білімді 166 адам, аяқталмаған жоғары біліммен – 168, орта біліммен – 944, аяқталмаған орта біліммен 658 адам. Кадр жетіспеуіне байланысты облыстың бірқатар мектептерінде, тіпті орта мектептерде жекелеген пәндер өткізілді, ал кейбір мектептерде, әсіресе, қазақ мектептерінде бір мұғалім өз мамандығы болмаса да, бірнеше пәнді жүргізе беретін еді. Соғыс кезінде мектептерде оқушыларды еңбекке баулуға басамән берілді. Соғыстың алғашқы күнінен-ақ жергілікті партия, комсомол және кеңес органдары, халыққа білім беру бөлімдері, мектеп басшылары ауыл шаруашылығына, өнеркәсіп және көлік жүргізуге Қызыл Армия қатарына алынған ересектердің орнын басу үшін оқушыларды тартты. 1941 жылдың шілдесінде КСРО Халық комиссарлары кеңесі одақтық, автономиялық республикалардың халық комиссарлары кеңестеріне, облыстық және өлкелік атқару комитеттеріне соғыс кезінде 7-10 сынып оқушыларын ұжымшарларға, кеңшарларға және кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы жұмыстарына тартуға рұқсат беретін қаулы шығарды.

Соғыстың ауыр жылдарында әлеуметтік-мәдени ортаны қалыптастыру, халықтың бос уақытын ұйымдастыру, білім беру, ағартушылық және тәрбиелеу міндеттерін арқалаған мәдениет орындары келесідей құрылымда болды: театр, газет редакциялары, клубтар, кітапханалар мен оқу үйлері, кинотеатрлар мен жылжымалы. Киноқондырғылар және т.б. Халықты коммунизм рухында тәрбиелеуде басты құрал ретінде үгіт-насихатты пайдаланған кеңестік мәдениет соғыстың сынаққа толы қиын жылдарында жеңіске жету жолында халықтың жауынгерлік рухын көтеруде елеулі еңбек сіңірді. Халықтың мәдени өмірі мемлекеттік саясатпен ынталандырылған арнайы мекемелердің ықпалымен қалыптасты.

Ал, мәдениет қызметкерлері, әсіресе ауылдық жерлерде жергілікті интеллигенция қатарынды болды. 1941 жылы Жамбыл облысында 224 клубтық, яғни еңбекші бұқараның бос уақытын өткізу іс-шараларын ұйымдастыру және олардың коммунистік тәрбие алуларына ықпалдасатын бұқаралық мәдени-ағартушылық мекемелердің 90-ы колхоздарда орналасты. Мәдениет үйлері, колхоздық клубтар, кітапханалар, оқу үйлері, мұражайлар, қызыл бұрыштардан құралатын клубтық мекемелерді аудандарға бөліп қарастырсақ: Кордай ауданы – 35, Красногор ау- 27, Көктерек ауданы – 27, Луговой ауданы – 29, Мерке ау-Жамбылданы – 25, Сведлов ауданы – 20, Сарысу ауданы – 21, ауданы – 29, Талас ауданы – 14, Шу ауданы – 26. Ал, соғыс аяқталған 1945 жылы бұл көрсеткіш облыс бойынша 203-ке артып, құрамында 25 кітапхана, 21 мәдениет үйлері мен клубтар, 91 оқу үйлері, 15 қызыл бұрыштар, 2 мұражай болған.

Оқу үйлері. Соғыс жылдарында Жамбыл облысының ауылдық елді мекендерінде мәдени мекемелердің басым бөлігі оқу үйлерінің еншісінде болды. Өйткені, мәдениет үйлері, стационарлық кинотеатрлар, клубтар негізінен қала, аудан орталығы сияқты ірі елді мекендерде орналасқан еді. Облыстың ауылдық елді мекендеріндегі ағартушылық орталық оқу үйлері кеңестік ауылға қажетті деп танылған «Правда», «Комсомольская правда», «Социалистическое земледелие», «Известия», «Пионерская правда», «Труд», «Социалистік Қазақстан», «Коммунист» сияқты орталықтан шығатын одақтық, республикалық, облыстық және аудандық газеттер мен журналдар, ауылшаруашылық істері бойынша әдебиеттер шоғырланған бұрыштар, тақырыптық плакаттармен декорацияланған мәдени өзін-өзі жетілдіру орталық ретінде қызмет атқарды.

Жамбыл қаласында орналасқан Жамбыл облыстық қазақ драма театры халықтың басына түскен бүкіл ауыртпалықты бірге көтерген облыс бойынша ең басты, көпшілік мойындаған өнер ұжымы болды. Қиын соғыс жылдары «Қозы Көрпеш Баян сұлу», «Ай-Шолпан», «Қыз Жібек», «Еңлік Кебек», «Ант», «Алдар Көсе» сияқты бірқатар қойылымдарды театр ғимаратының 450 орындық залында лық толы көрермендер тамашалаған [6, 408-бет].

Театр ұжымы ұсынған әр қойылым өзінің шығармашылық мазмұндылығы мен патриоттық маңыздылығымен, тарихилығымен ерекшеленген. Мысалы, облыстық Қазақ

драма театры 1943 жылдың қысқы маусымын ашқан Ш. Хұсайынов пен М. Пинчевскийдің «Алдар Көсе» пьесасы. Өнер ұжымы қазақ халқының сүйсініп тыңдап, ертегі етіп айтатын Алдар Көсенің күлдіргі образын, оның ханға дәлдеп айтқан сыни сөздері мен мысқылдары, көңілді жырлары мен халық мәтелдерін жаңа қойылымда көпшілікке ұсынған. Театрдың ең сәтті қойылымдарының бірі болған бұл пьесада көрерменнің ойынан шыға басты рөлдерді сомдаған Сәкиев, Нұрымова, Табанов, Сәкенова, Қасымбеков сияқты әртістер аянба ман еңбек еткен

Аталған өнер иелері театр ғимаратының қабырғасында ауылды жерлерін, колхоздарын аралап, өз өнерлері арқылы халық емес, сондай ақ мәдени бригадалар құрамында жүріп облыстың тың мәдени қажеттіліктерін орындаған. Әсіресе егін егу маусымында саяси-ағартушылық мекемелер қатарында болғандықтан басқа да өнер ұжымдары сияқты театр өз жұмысын ұзақ мерзімге далалық жағдайларға икемдей көшірген. Тіптен кейде жырты жылға дейін ел аралап, колхозшыларға көркемдік қызмет көрсеткен. Мәселен, 1941 жылдың егін егу мерзімінде колхозшыларға көркемдік қызмет көрсету үшін облыстық Қазақ драма театры Луговой, Мерке, Красногор, Шу, Көктерек аудандарының колхоздарында бес ай бойы шығармашылық іс-сапарлары барысында әртістер мен режиссерлік құрам үлкен жұмыс атқарып, колхозшыларға

«Алдар Көсе», «Айман Шолпан», «Қозы Көрпеш «Ақан-сері – Ақтоты» және т.б. қойылымдар арқылы өз өнерлерін тамашалатқан.

Соғыс жылдарында радио, газет басылымдар халық үшін билік үнін жеткізуші құрал болды. Кеңестік информбюро айдарында соғыс, майдан жағдайы, ұрыс барысы, жауынгерлердің жағдайы газеттер мен радио арқылы халыққа жетіп отырды. Газет беттерінде жарияланған материалдар арқылы партия облыс жұртшылығын ұлы міндеттерді орындау жолындағы күреске шақырды. Аудандық газет беттерінде тыл еңбекшілерінің шаруашылық міндеттерін ойдағыдай орындап, майданға көмекті күшейте түсу жолындағы күресі, жойқын, қажырлы, өнімді істері үнемі көрсетіліп отырды. Әсіресе, жергілікті халық тынысын, кеңестік ауыл өмірін сипаттайтын материалдар едәуір орын алады. Мерзімдік басылымдар аудан еңбекшілерінің алдында тұрған айбынды міндеттерді уақытылы көрсетіп, жұртшылықты игі істі орындау жолына жұмылдыруға ұмтылғандықтан ретіне қарай мақсатты түрде арнаулы материалдарды беріп отырды [7, 24-бет].

Облыстық «Коммунист», аудандық «Красногоршы», «Социалистік октябрь», «Сталин жолы», «Колхоз жолы», «Социалистік шаруа», «Екпінді колхозшы», «Кировшы» сияқты мерзімдік басылымдардың әр санында мәселені салмақтай, жақсыны, игі істерді, майданға көмектесуге себеп болатын халықтық істерді, инициативаларды, патриоттық қозғалыстарды қолдап, кемшіліктерді түйреп отыратын мақалалар мен соғыс кезінде соғыстағы еңбек орындауды талап етіп отыратын жігерлендіруші материалдар шығып тұрды. Радио. «Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Сөйлеп тұрған Москва!» Ұлы Отан соғысы басталған алғашқы күндерден бастап майдан жағдайы, ұрыстағы жауынгерлердің хал-ахуалы, партия тұрмысы, Одақтық республикалардағы әр облыс, қала, елді мекендер мен колхоздарда жүргізіліп жатқан атаулы іс-шаралар, қол жеткізген жетістіктер және тағы басқа да маңызды хабарламалар қарапайым халыққа радио байланыс арқылы жеткізіліп отырды. Радио – Кеңестік информбюродан күн сайын берілетін майдан хабарламаларын, егіс егу науқандары қарсаңында облыстық, аудандық, комсомол және кеңестік ұйымдар басшылары мен колхоз, МТС совхоздардың жетекшілерінің баяндамаларын халыққа тарататын ең басты құралдардың бірі болды [2, 58-бет].

Осы мақаланы қорыта келе, елімізде орын алған, зұлмат заманның ащы дәмін татқан халқымыздың бастан кешкен қиындықтарына қарамастан, ел дінгегіне айналған білім мен мәдениеттің өзіндік орнын сақтап қалуы өткенге тарих, бүгінге өнеге болмақ. Соғыс жылдарындағы білім беру қаншалықты қиын жағдайда болсын халықтың сауаттылығын оятты десем қате шешім болмас. Ұлы Отан соғыс жылдарында Жамбыл облысын білім мен

мәдениеттің дамуы елді мекендерде мектептер мен мәдениет ошақтарының пайда болуы сауатсыздықты жоюдағы үлкен бір шешім болды. Мектептерде білімнің дамуы қанша қиын жағдайда болсын оқушыларға қазақ балдарына сауатын ашуын тоқтатпады. Себебі қазақ даласында индустрияның және экономиканы дамыту үшін сауатсыздықты жою керек болды. Сол себепті тек Жамбыл облысы ғана емес бүкіл қазақ өлкесін дамыту басты мәселеге айналды. Соғыс жылдары мәдениеттің дамуы аса маңызды рөл атқарды. Соғыс жылдары облыстық театрлардың өмірі қызу шығармашылық қызметпен ерекшеленді. Облыста жасөспірімдер театры, қуыршықтар театры және жекелеген аудандардың партия комитеттерінің инициативасымен құрылған мәдени бригадалар мүшелерінің күшімен ұйымдастырылған шағын театрлар халыққа қызмет көрсетті. Соғыстың азабын көрсетпедің басты шешімі осы болды.

#### **Пайдаланған әдебиеттер:**

- 1 К. Рыспаев. Жамбыл обл. – Тараз: Сенім, 2006. – 408 бет
- 2 Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945жж). Ғылыми-көпшілік басылым/ Қойгелдиев М.Қ., Жангуттин Б.О., Тілеубаев Ш.Б., Мырзатаева З.Б., Бисенбаева Л.А., Белоус С.Г., Болатхан А./ Бас редакторы М.Қ. Қойгелдиев. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2015. - 584 бет
- 3 Коммунист газеті, 1941 жыл. 29 тамыз. 27-бет
- 4 Валентин Трофимович Федотовтан сұхбат 7.12.2014ж 25 бет
- 5 Жангуттин Б.О Город военного времени в Казахстане 2009 жыл 44 бет
- 6 Рысдәулет М. Жамбыл облысы 75 жылнама – шежіре. А., 2014. – 408 б.
- 7 Бекмұратов, Мерецкий колхозының председателі. Кировшы 1942 жыл 1 март 24 бет

### **СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫС**

Уразахан А.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Садыкова А.К.  
М.Х. Дулати атындағы Тараз Өңірлік Университеті  
asemakaznpu@mail.ru

1941 жылғы 22 маусымнан бастап барлық совет қоғамы сияқты Жамбыл облысының өмірінде де жаңа кезең - неміс-фашист басқыншыларына қарсы Ұлы Отан кезеңі басталды.

«Соғыс!!!» деген суық хабар сол күні және сол сәтте-ақ облыс орталығынан бастап барлық аудан және ауылдарға жетіп, қоғамда бір жағынан үрей, қорқыныш сезімін тудырса, екінші жағынан адамдардың санасында фашист басқыншыларына деген ашу-ыза отын жақты.

Соғыстың бірінші күні Жамбыл қаласындағы Атшабар базарында (қазіргі Төле би және Абай көшелерінің қиылысындағы алаң) қала тұрғындарының митингісі ұйымдастырылды. Митингіде сөз алған паровоз депосының ұстасы Трунов, қалалық партия комитетінің хатшысы Павликов және басқалар «Гитлерлік басқыншыларға лағынет айтып, жауға аямай соққы беру үшін бар мүмкіндікті іске қосамыз. Фашизмді жоюға қолымызға қару алып аттанамыз. Ленин партиясының төңірегіне бір адамдай топтасамыз», - деген қаулы алуды ұсынып, ол ұсыныстары қабылданады [1,37-б].

Жамбыл қаласының өндіріс орындары және байланыс мекемелері жұмысшыларының митингісіне «Қызыл армияға жауды жеңу үшін еселеп көмек көрсетеміз. Майдан үшін, жеңіс үшін барлық мүмкіндікті аямаймыз!» деген қаулы алынып, нақты міндеттер белгіленді. Митингіге қатысқан адамдардың бір тобы қалалық әскери комиссариатқа барып өздерін әскер қатарына алып, майдан шебіне жіберуді өтінген арыздарын тапсырды. Соғыстың алғашқы күні-ақ қалалық әскери комиссариатқа осындай мазмұндағы 78 арыз түсті.